**Жарма ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 08 маусымдағы N 156 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Жарма аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 21 маусымда N 5-10-116 тіркелді. Күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қыркүйектегі N 81 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 23.09.2013 N 81 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31 бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-2) тармақшасына сәйкес, мүгедектерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында, Жарма ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарма ауданының жұмыс берушілеріне мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы жұмыс орнының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жарма ауданы әкімінің орынбасары Н. Шалтабановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Т. Қасымжанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК